





Автор: Тлегенова Асель Магзиевна
Бағдарлама тарауы: Ересек топ
Жас тобы: Құрастыру
Білім беру саласы: Өнер көзі – халықта
ҰОҚ тақырыбы: "Ою-өрнек"

ҰОҚ мақсаты:	Балаларға ою - өрнектерді атауды және олардың құрылымдылық қасиеттерін ескере отырып, шығармашылық қиялдау дағдыларын қалыптастырып, ұжымдық іс-әрекетке, әдемілікке тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс:	Ою-өрнек, салт-дәстүр, ата-баба, әже.
Рефлексия	Әжеге қонаққа барып, ою-өрнектер туралы мағлұматтар алу.
Әдіс-тәсілдер:	Түсіндіру, көрсету, жасату, сезіндіру.
Құрал-жабдықтар:	Түрлі түсті қағаздар, қайшы, желім, түрлі түсті жүн, су, сабын, салафан, майлық.
АКТ ресурсының атауы:	Теледидар, электронды киіз үй.
Пәнаралық байланыс:	
Алдын-ала жұмыс:	Теледидар мен электронды киіз үй арқылы балаларға ою-өрнектің ата-бабаларымыздан келе жатқан мұра екенін айтып, білімдерін дағдыландыру.

ҰОҚ барысы

ҰОҚ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
ҰОҚ кіріспе бөлімі	Шаттық шеңбері: - Сәлеметсіңдерме балалар? - Сәлеметсіз бе апай. - Бүгінгі көңіл-күйлерің қандай? - Тамаша. - Жарайсыңдар, ендеше осы көңіл-күймен «Қара жорға» биін билеп жіберсек қайтеді. - Билейміз бе? - Билейміз. Балалар тәрбиешімен бірге шаттық шеңберіне тұрып, қимыл – қозғалыс арқылы «Қара жорға» биін билейді.	

ҰОҚ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
ҰОҚ негізгі бөлімі	<p>Ғажайып сәт:</p> <p>-Балалар, біз бүгін ата-бабалардың дәстүріне саяхат жасаймыз. Мен олушін сендерді халық шеберлері жасаған бұйымдарды тамашалауғашақырамын. Оларды әжеміздің үйінен көреміз.Әжеміз сендерге көпнәрсені айтып,үйрететін болады.</p> <p>Тәрбиеші: -Сәлеметсізбе әже?</p> <p>Әже: -Сәлеметсіңдерме менің кішкентай бүлдіршіндерім.Менің үйіме қош келесіңдер.Осы жерге отырып,жайғасыңдар,жандарым сол.</p> <p>-«Талабы бар адам, еңбекке бас ұрады»-деген мақал бар. Мына отырған сендер де кейін үлкен шебер болуларың мүмкін. Мінекей жақсылап қараңдаршы қандай әсем бұйымдар. Мынау қазақтың көне заманнан келе жатқан үй жиһаздары: Сандық, көрпешелер, киіз үй, қоржын, ұлттық киімдер, тостаған т.б. Бұдан кейін зергердің бұйымдарына қарайық...</p> <p>Шеберлер осындай түрлі бұйымдар жасау үшін ұлттық ою-өрнек түрлерін пайдаланған. -Ал сендер қандай ою-өрнектерді білесіңдер?</p> <p>Тәрбиеші: -Балалар көне есімізге түсірейік біз қандай ою-өрнектер білеміз?</p> <p>-Мына экранға назар аударыңыздаршы</p> <p>-Бұл ою-өрнек қалай аталады?</p> <p>-Неліктен олай аталады деп ойлайсыңдар?</p> <p>-Ал мынау ше?</p> <p>-Жарайсыңдар!</p> <p>-Балалар тағы біздер ою-өрнектерді қайдан кездестіреміз?</p> <p>-Тамаша,өте дұрыс жауап.</p> <p>Билингвилді компонент: Ою - өрнектер – орнаменты- ornamenti.</p> <p>-Жарайсыңдар!</p> <p>Әже: - Мен сендерге көрмеден көрген ұлттық бұйымдардың атаулары туралы жұмбақ жасырамын.</p> <p>Жұмбақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бір нәрсе,өзі биік, іші қуыс, Ол заттың сүйегі бар айқыш-үйқыш. Көзі бар төбесінде жарқырайды, Жайса үлкен, жиса бір ақ уыс. (Киіз үй) 2.Аяғы жоқ,,қолы жоқ. Көйлегі жоқ, қарны тоқ... (Жастық) 3.Ішіне адам батпайды, Затыңды аман сақтайды. (Сандық) <p>-Жарайсыңдар балалар,сендер білімді екенсіңдер.</p> <p>Тәрбиеші: -Балалар мына сандықтың ішінде сендерге тапсырмалар бар екен.</p> <p>-Орындаймыз ба?</p> <p>Сандықтың ішінде хат бар екен балалар.</p> <p>Тапсырма-1.</p> <p>-Камзолдің үстіне ою-өрнекті құрастырып,орналастыр.</p> <p>Тапсырма-2.</p> <p>-Әжемен бірге киіздің бетіне ою-өрнекті құрастыр.</p> <p>-Балалар тапсырмаларды тез-тез орындау үшін,екі орталыққа бөлінейік.Содан соң сендер жұмыстарыңды бітірген соң,қоңыраудың даусымен орталығымызды ауыстырамыз.</p> <p>-Ал енді мына картатекалар арқылы екі орталыққа бөлінейік. (Екі орталыққа картатекалар арқылы бөлінеді)</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Орнымыздан тұрайық, Қошқар мүйіз құрайық. Құсқанат оюы сияқты, Қолымызды созайық. Орталықпен ауысып, Құстар болып ұшайық. Тынығып біз болған соң Әдемі ою-өрнек құрайық. (Орталықтар ауысады)</p> <p>Ойын: «Ою—өрнектің орнын тап»</p> <p>Шарты:Әуенмен билеп жүріп,әуен тоқтаған кезде балалар түстері бойынша ою-өрнектерді орналастырады.</p>	<p>Image not found or type unknown</p> 

ҰОҚ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
ҰОҚ қорытындысы	<p>-Балалар біздер қонаққа кімге бардық? -Әженің үйіне бардық. -Біз балалар әжемен бірге не істедік? - Әжемен бірге ою-өрнек жасап, киіз бастық. -Әже сізге үлкен рахмет.Біз сізден көп нәрсені үйрендік. Әже: -Балаларым қайда жүрсеңдерде аман болыңдар,ауырмандар.Ата-бабаларымыздың мұрасын ешқашан ұмытпаңдар. -Балаларым: «Қуыс үйге кірсе,құр шықпа»- дейді ата-бабам.Дастарғандағы дәмнен ауыз етіңдер. Аман болыңдар,Сау болыңдар. -Сау болыңыз әже,рахмет. Балаларды мадақтау.</p>	<p>Image not found or type unknown</p> 
Күтілетін нәтижелер:	<p>Біледі: Ою - өрнектерді құрастыру әдістерін; Игерді: Ою-өрнектің қарапайым атауларын; Меңгереді: Ою-өрнектің ата- бабаларымыздан келе жатқан мұра екенін;</p>	<p>Image not found or type unknown</p> 